

## **«Балқаш қаласы №9 жалпы білім беретін мектебі» КММ**

### **Жалпы респубикалық педагогикалық кеңес Хаттама**

**Откізілген күні, уақыты:** 06.09.2022 ж сағат 13:00

**Қатысқаны:** 45

**Қатыспағаны:** 8

**Тақырыбы:** Мемлекеттің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатының негізгі бағыттары және олардың алдын -алу жөніндегі шаралар туралы.

**Мақсаты:** Мемлекеттің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатының негізгі бағыттары жайлы, олардың алдын -алу жөніндегі шаралар туралы түсіндіру.

**Откізу формасы:** оффлайн

**Күн тәртібі:**

Мемлекеттің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатының негізгі бағыттары және олардың алдын -алу жөніндегі шаралар туралы

**Барысы:**

1. Мемлекеттің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатының негізгі бағыттары және олардың алдын -алу жөніндегі шаралар туралы бастауыш сынып мұғалімі Салғиева М.Т. жеке-жеке талдап, тоқталып өтті.

1. Мемлекеттің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатының негізгі бағыттары

Сыйбайлас жемқорлық адамзаттың ұйымдастырылған қоғам пайда болғаннан бері оның құрамадас бір бөлігі болып келетіні ежелден анық. Билік басындағы адамдардың өз құзырын асыра пайдалануына жол бермеу жолдарын қарастыру ежелгі Грекия мен Рим заманындағы зерттеушілер, ғалымдар енбектерінде маңызды орын алған тақырып. Бүгінгі күні мемлекеттің дамуын тежеяттің ішкі факторлардың ішінде сыйбайлас жемқорлық, онымен күрес жолы ең күрделі және мемлекеттің халық алдында, халықаралық деңгейде беделін түсіретін құбылыс болып отыр. Жемқорлықпен күрестін әлемдік тәжірибесі көрсетіп отырғандай, оның халықаралық құқық саласында бірауыздан мойындалған анықтамасы жоқ екенін, онымен күрес салдары, тәжірибесі әр мемлекетте әртүрлі болғандығын көрсетіп отыр. Дамыған Еуропа елдері мен АҚШ-та саяси партиялар арасында партиялық сыйбайлас жемқорлық етек алған. Дамушы елдерде сыйбайлас жемқорлық мемлекеттің аппараттың барлық сатыларында кездеседі.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы 2003 жылы қабылданды, 2008 жылы конвенцияны Қазақстан Республикасы да ратификациялай отырып, оған мұше 140 мемлекеттің қатарына кірді. Осы конвенцияда қатысушы мемлекеттерге ұсынылған талаптардың басым бөлігі Қазақстанда жузеге асырылуда. Конвенцияның 6, 36-баптарында айтылған сыйбайлас жемқорлықпен күресуге арнайы мамандандырылған мемлекеттік орган құру, мемлекеттік қызметкес кадрларды конкурс негізінде қабылдау, мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексін қабылдау, мемлекеттік сатып алуларда ашықтық пен бәсекелестікті қамтамасыз ету туралы талаптар жузеге асырылды. БҰҰ ұсыныстарындағы 13-бап қарастыратын талаптар сыйбайлас жемқорлықпен күреске мемлекеттік ұйымдармен қатар азаматтық қоғамды жұмылдырумен байланысты болады. Осы бағытты іске асыру Қазақстан Республикасында алдында тұрган басты міндеттердің бірі болып табылады.

2015 жылға дейін Қазақстан Республикасында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы бірнеше бағдарламалар жузеге асырылды. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы өзара сабактас, тұракты мемлекеттік деңгейдегі шаралардың жузеге асырылуына Қазақстан Республикасы

Президентінің «Қазақстан 2050» стратегиясында көрсетілген міндеттер жаңа қарқын беріп, күрес бағыттарын айқындай түсті. «Қазақстан 2050» стратегиясымен белгіленген жаңа міндеттер арасында онымен күресті жалпы халықтық деңгейге көтеру, сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын нығайту, қоғамның барлық салаларында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, мемлекеттік органдарға халықтың бақылауын күшету бар.

Елбасының «Қазақстан 2050» стратегиясында айтылған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жаңа бағытын жүзеге асыру мақсатында көптеген мемлекеттік органдарда, қоғамдық-саяси ұйымдарда 2015 жылдан басталатын сыйбайлас жемқорлықпен күрестің салалық бағдарламалары қабылданды. 2014 жылдың 11 қарашасында жан-жақты қоғамдық талқылаулардан соң «Нұр Отан» партиясының 2015-2025 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлықпен күрес бағдарламасы жарияланды. Оның басты мақсаты – кез келген жемқорлық белгілеріне мұлдем төзбеушілік ахуалын қалыптастырып, бұған бүкіл қоғамды тарту. Алдағы онжылдықта «Нұр Отан» партиясы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, оның алдын алу, мемлекеттік басқару органдарында қоғамдық бақылауды күшету, жергілікті басқару өкілеттігін кеңейту және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннаманы жетілдіру міндеттерін жүзеге асырады.

2015 жылғы 1 сәуірде макұлданған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің сыйбайлас жемқорлықпен күрестің әдістемелік ұсынымдары кадрлық мәселелерінде оны түп-тамырымен жоюға бағытталған. Әдістемелік ұсынымдарда кадрларды таңдау, дайындау, біліктілік жоғарылатуда жемқорлық белгілерінің алдын алу, министрлік құзырындағы мекемелерде кадрлар құрамына жауапты тұлғалар және олардың жауапкершілігі анықталған.

Алдағы уақытта сыйбайлас жемқорлықпен күрес тек атқарушы немесе басқарушы биліктің ғана емес, жалпыұлттық, халықтық мақсатқа айналуы тиіс, тек сонда ғана осы қоғамдық індегі тамырына балта шабылады.

## ШЕШІМ

1. Мемлекеттің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатының негізгі бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілсін

Директор  
Хатшы

Д.Жолдасова  
А.Аханова